

Бакалавриаттың тарихшы емес мамандықтары үшін

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША
ТИПТІК
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі

*Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті
Мемлекет тарихы институты Ғылыми кеңесі ұсынған.
(№ 2 хаттама, 6 наурыз, 2013 жыл)*

Жалпы редакциясын басқарған: т.ғ.д., профессор **Б.Ғ. Аяған**

Авторлық ұжым:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Бүркітбай Ғелманұлы Аяған**;
тарих ғылымдарының докторы, доцент **Жанна Үркінбайқызы Қыдыралина**;
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Күлпаш Мырзамұратқызы Илиясова**.

Рецензенттер:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **З.Е. Қабылдинов** (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.)

тарих ғылымдарының докторы, профессор **О.Х. Мұхатова** (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.).

Қазақстан тарихы. Типтік оқу бағдарламасы. / проф. Б.Ғ. Аяғанның жалпы редакциясымен. - Астана, 2014. – 66 б.

Типтік оқу бағдарламасы тарихи – хронологиялық қағидаға негізделген және Қазақстан тарихын толық қамтитын бөлімдер мен тақырыптарды құрайды. Бағдарламада қазақ мемлекеттілігінің тарихи-өркениеттік бастаулары, даму, өрлеу тарихы, әсіресе Қазақстан Республикасының қалыптасу және даму тарихы модульдік жүйемен берілген.

Бағдарлама жоғары оқу орындарының бакалавриат студенттеріне арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жасалды.

Осы типтік оқу бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі рұқсатынсыз көбейтілмейді және таратылмайды. Авторлық құқық Қазақстан Республикасының заңымен қорғалады.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
Түсінік хат	5
Курстың тақырыптық жоспары	9
ПӘН МАЗМҰНЫ	12
КІРІСПЕ	12
<u>I МОДУЛЬ</u>	
ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН	12
1.1 Ежелгі Қазақстан. Адамдардың алғашқы қауымдастығы. Тұрмыс-тіршілігі (б.з.б. 2,5 млн. -12 м.ж. – VI ғ. дейін).	12
1.2 Қазақ халқының этногенезі. Орта ғасырлардағы Қазақстан. (VI-XV ғғ.)	13
<u>II МОДУЛЬ</u>	
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫ	14
2.1. Қазақ хандығы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Әлеуметтік тарихы (XV ғ. ортасы - XVIII ғ. басына дейін)	14
2.2 Отарлық кезеңдегі Қазақстан (XVIII ғ. 30-40 жж.– XIX ғ. 60 ж.)	15
2.3 XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Тұрғындардың көпұлтты құрамының қалыптасуы	17
<u>III МОДУЛЬ</u>	
ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН	18
3.1 1917 жылғы Ресейдегі революциялар. Жаңа заманның басталуы. Кеңестік кезең (ақпан-қазан 1917 ж.– тамыз 1991 ж.)	18
3.2 Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ел тарихындағы қазіргі кезең (желтоқсан 1991 ж. – бүгінге дейін)	22
СЕМИНАР ТАҚЫРЫПТАРЫ МЕН СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ	26
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	29

АЛҒЫ СӨЗ

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институтының авторлық ұжымы жасаған және енгізген.

Профессор, т.ғ.д Б.Ғ. Аяғанның **жалпы редакциясымен**

Авторлық ұжым:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Бүркітбай Ғелманұлы Аяған**;
тарих ғылымдарының докторы, доцент **Жанна Үркінбайқызы Қыдырәли**на;

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Күлпаш Мырзамұратқызы Ілиясова**. 2. Баспаға ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының Ғылыми Кеңесі ұсынған. 2013 жыл, 6 наурыз. № 2 хаттама.

Рецензенттер:

тарих ғылымдарының докторы, профессор **З.Е. Қабылдинов** (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.)

тарих ғылымдарының докторы, профессор **О.Х. Мұхатова** (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.).

3. Типтік оқу бағдарламасы жоғары оқу орындарының тарихшы емес бакалавриат мамандықтарының студенттеріне арналған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жасалды.

ТҮСІНІК ХАТ

Курстың мәні. Адамзаттың кез келген саналы бөлігі өз елінің тарихын білуге ұмтылады, бұл табиғи құбылыс. Қазіргі кезде қоғамдық даму заңдылықтарын білу, жалпы қоғамның бірігуі, тарихи сананы жаңғырту міндеттерін іске асыруда «Қазақстан тарихы» пәнінің алатын орны ерекше. Бұл білімгерлердің де, тәлімгерлердің де жауапкершілігін арттырады. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясында ХХІ ғасырдың он жаһандық сын-кәтерінің ішінде уақыттың тарихи жеделдеуі мен өркениетіміз құндылықтарының дағдарысын атап көрсетті. Сонымен бірге білім мен кәсіби дағдылар, мемлекеттілікті нығайту, жаңа қазақстандық патриотизм және ұлттық тарихи сананы қалыптастыру сияқты басым бағыттар анықталды.

Курс мазмұнының ерекшелігі. Бұл курс орта мектептерде алынған білімнің логикалық жалғасы және жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында оқытылады. Сондай-ақ, басқа да міндетті пәндермен қатар студенттердің негізгі білімін толықтыруға мүмкіндік береді. Курстың мазмұнында жалпыға міндетті орта мектептерде оқытылған материалдардың қайталанбауы ескерілді. Қазақстан тарихының тақырыптары жаңа көзқарастар мен ғылыми ұстанымдағы отандық және шетелдік тарих мектептерінің жетістіктеріне, жоғары деңгейдегі теориялық-методологиялық тұжырымдарға негізделді.

Авторлық ұжым типтік бағдарламаның құрылымын жасау барысында Қазақстан аумағындағы мемлекеттілік эволюциясы мен мемлекет құраушы ұлттың – қазақтың шығу тегіне негізделген тұжырымдамалық ұстанымдарды басшылыққа алды.

Қазіргі кезде Қазақстан тарихын жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісінде тәуелсіздік кезеңімен сабақтастықта оқыту міндеті тұр және бұл мәселенің өзектілігі өте зор.

Курстың мазмұны тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі Қазақстанның күрделі проблемалары мен оларды шешу жолындағы қиындықтар мен жетістіктерге құрылған. Бұл курстың *методологиялық негізін* отандық ғалымдардың мемлекеттілікті нығайту міндеттерінен туындайтын Қазақстан тарихының қазіргі проблемалары туралы еңбектері құрайды. Атап айтқанда, жаңа қазақстандық патриотизм, жастарды жауапкершілікке тәрбиелеу, азаматтардың жасампаздық белсенділігі және т.б.

Бағдарламада қазіргі заман тарихы КСРО-ның ыдырауынан бастап, посткеңестік кеңістіктегі өзгерістер, егемендік, тәуелсіздік Қазақстанның қалыптасуы мен нығаюы, экономикалық, саяси жүйенің дамуы, шекараның анықталуы, халықаралық қатынастарды реттеу, халықаралық қауымдастыққа ену мәселелері қамтылған. Бұл пәнді оқыту елдің тарихи санасын қалыптастыру және оның саяси тармағын құрайтын мемлекеттілік идеясына бағытталуы керек.

Қазіргі тарих ғылымындағы пәнаралық ұстанымдардың талаптары сапалық жағынан өзгерді, яғни антропология, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану сияқты қоғамдық ғылымдардың методологиялық негіздері айналымға енгізілді.

Қазақстан Президентінің бағдарламалық еңбектерінде «Қазақстан тарихы» пәнінің тарихи сананы қалыптастырудағы рөліне баса назар аударылды.

2013 жылы 24 сәуірде өткен *Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясы* кезінде сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы: «Қазақстандықтардың тарихи сана-сезімі топтасуға, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға жұмыс істеуі тиіс. Біздің тарихты тануымыз тұтас, оң сипатта болуға, қоғамды бөлініске салмай, біріктіруге тиіс. Ұлттық рухты қажетті биіктікке көтеру үшін біздің шынайы тарихымыздың, мәдениетіміздің, дініміздің қандай екенін айқын сезінуіміз қажет. Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс. Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақстан ұлы дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түрде көрініс табатынын» атап көрсетті. Сондай-ақ «Қазақстан ешқашан оқшауланған емес. Сондықтан да тарихта, оқу пәніндегідей, қазақтар мен өзге халықтардың мәдени және экономикалық қарым-қатынастар үдерісі, түрлі этностардың ел тарихына үлесі лайықты танылуы тиістігі» назардан тыс қалмады.

Бұл бағдарламаның басқа бағдарламалардан айырмашылығы, мұнда тұңғыш рет еліміздің *сапалы жаңа тарихи беттерін* құрайтын Қазақстанның қазіргі даму кезеңі дербес қарастырылады. Тарих үшін «қас қағым сәтте» қалыптасқан жас мемлекетіміздің өткен тарихы, өзінің мәні мен ауқымы жағынан «жүз жылға татиды». Алғашқы онжылдықтар тарихы «сындарлы он жыл» және «бейбітшілік пен жасампаздық» жылдары деп аталады. Сындарлы онжылдықта «ұлттық экономикамыз бен мемлекетіміз қалыптасты», одан кейінгі онжылдықта «еліміз өсу, тұрақтану сатысына көтерілді», ал «үшінші, төртінші онжылдықтар біздің еліміз үшін болашаққа қарай тарихи секірісті жылдар болуы тиіс». Елімізде басталған реформалардың жетістіктері мен қоғам дамуының тұрақтылығын сақтауға Президенттің «алдымен – экономика, сосын саясат» қағидасы ықпал етті. Соған сәйкес тәуелсіздік кезеңінде, алдымен елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы, содан кейін саяси жағдайы қарастырылады.

Бағдарлама мазмұнындағы тарихи кезеңдердің толық көрінісі мемлекет тарихындағы оқиғалар мен үрдістерді көрсетумен шектелмейді, онда тарихты жасаушы халықтың күнделікті өміріне де назар аударылады.

Авторлық ұжым заман талабына сәйкес Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихын жаңаша кезеңдерге бөліп қарастырады. Қазақстанның жаңа заман тарихы 1917 жылғы монархияның күйреуі және Қазақ автономиясының жариялануынан басталып, 1991 жылғы КСРО-ның ыдырауына дейінгі аралықты қамтиды (1917-1991 жж.). Ал

Қазақстанның қазіргі заман тарихы елімізде кең ауқымды экономикалық және саяси реформалар іске асырылып, тәуелсіз мемлекетіміздің іргесі қаланған 1991 жылдан бүгінге дейінгі аралықты қамтиды (1991 ж.-бүгінге дейін).

Авторлар типтік бағдарламаның мазмұнын өзгеріссіз сол қалпында қалдыруды мақсат етпейді және оны оқу процесінде пайдалану тандау еркіндігіне беріледі. Сондай-ақ, типтік бағдарламаның негізіне алынған қолданыстағы жұмыс бағдарламалары мен силлабустарға, оқу-әдістемелік құралдарына шығармашылық және сыни көзқарас тұрғысынан қарауды жөн санайды.

Қазақстан тарихы пәні қазақ халқының пайда болуы мен қалыптасу тарихын, оның рухани және материалдық мәдениетін, мемлекеттілік түрлерінің дамуын оқытады. Сонымен бірге республика халқының көпэтникалық құрамының қалыптасу үдерісін зерттеу өзекті болып отыр.

Курстың мақсаты - көне дәуірден бүгінге дейінгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғаларын жаңа теориялық-методологиялық ұстанымдар тұрғысынан кешенді зерделеу және егеменді мемлекетіміздің әлемде алатын орны мен рөлі, елдің ішкі, сыртқы саясаты туралы студенттердің жан-жақты көзқарастарын қалыптастыру болып табылады.

Курстың міндеттері:

- қазақ этногенезі мен қазақ ұлтының қалыптасу кезеңдерін қарастыру және қазақ мемлекеттілігі, көрші халықтармен байланыс, мемлекетаралық қатынастар, ұлт-азаттық қозғалыстар сияқты маңызды мәселелерді зерделеу;
- көшпелі өркениет жүйесі мен жалпытүркілік қауымдастықтағы қазақ халқының рөлі мен орнын көрсету;
- көшпелілердің рухани әлемінің эволюциясын және олардың еуразиялық кеңістіктегі әлемдік өркениетке қосқан үлесін көрсету;
- қазақ этносының қалыптасуы мен даму кезеңдерін, ұзақ мерзімді саяси жүйесін игеру, шаруашылығы мен салт-дәстүрін, тұрмысы мен мәдениетін көрсету;
- Қазақстан жеріндегі мемлекеттік құрылымдардың даму ерекшеліктерін талдау;
- қазақ халқының отарлық кезеңдегі тарихын және оның даму ерекшеліктерін көрсету;
- кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихының әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуындағы жетістіктері мен қарама-қайшылықтарын анықтау;
- Қазақстан тәуелсіздігі және оның тарихи алғышарттарын көрсету;
- Қазақстан халқының көпұлтты құрамының қалыптасу үдерісі мен күштеп көшірілген халықтардың тағдырын ашып көрсету;

- егеменді мемлекетімізді қалыптастыру мен нығайтудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың тарихи рөлін көрсету;
- тәуелсіздік жылдарындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени реформалардың іске асырылуы мен кезеңдерін талдау, шекараның бекітілуін көрсету; астананы ауыстыру және Астана қаласының құрылысы мәселелерін қарастыру;
- халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде мемлекеттердің аймақтық және әлемдік қауымдастыққа кіру үдерістерін көрсету;
- студенттердің азаматтық ұстанымын қалыптастыру, оларды халықаралық қатынастар мен мемлекеттің ішкі өміріндегі оқиғаларға бейімдеу.

Пәнді оқу барысында студент мынадай ұғымдар мен түйін сөздерді білуі тиіс:

- *адамның пайда болуы туралы жаңа теориялар мен көзқарастар, тас ғасыры, ежелгі тұрғындар, қола дәуірі, тайпалық одақ, темір ғасыры, ерте мемлекеттік бірлестіктер, сақтар, ғұндар (хундар), үйсіндер, этногенез, ортағасыр, түріктер, монғолдар, қазақтар, мемлекеттік бастаулары, мемлекет, қаған, орда, ұлыс, әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік топтар, рухани өмірі, мәдениеті, жүз, хан, билер, хандық кеңес, батырлар, жыраулар институты, Деңісті қыпшақ, Жошы ұлысы, шаруашылығы, әлеуметтік топтар, мәдениеті мен рухани өмірі, Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы.*

Түйін сөздерді білдіретін ұғымдар:

- *отаршылдық, Ресейге қосылу, қоныстандыру саясаты, революция, бірінші дүние жүзілік соғыс, азамат соғысы, кеңестік кезең, тоталитаризм, екінші дүние жүзілік соғыс, Ұлы Отан соғысы, әміршіл-әкімшілік жүйе, тың игеру.*

XX ғасырдың 90 – жылдарынан бастап саяси сөздік пен жалпы қолданыс аясына енген ұғымдар:

- *егемендік, Қазақстан халқы, мемлекеттік тәуелсіздік, саяси билік, президенттік институт, парламентаризм, стратегия, саяси жүйе, азаматтық қоғам, өмір сүру деңгейі, өмір сүру сапасы, адам бостандығы мен құқықтары, әлеуметтік жайлылықты (комфорт) сезіну, халық пен билік, ұлттық идея, қоғамның бірігуі, ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі, төзімділік, ұлт капиталы, мемлекеттік қызмет, меритократия, нарықтық қатынастар, нарықтық экономика, теңге, экономикалық реформа, мемлекет иелігіне алу*

және жекешелендіру, кластер, инновация, био – нанотехнология, жасыл экономика, трансформация, әлеуметтік саясат, этнодемографиялық үдерістер, көші-қон, мемлекеттік рәміздер, ішкі және сыртқы саясат, геосаясат, мемлекеттік шекара, еуразиялық доктрина, аймақтық және халықаралық интеграция мен қауіпсіздік, өркениет, жаһандану.

Пәнді оқу барысында студент білімділік, икемділік, дағдыларды игеруі керек:

- ✓ Қазақстан жеріндегі негізгі тарихи оқиғалар мен үдерістерді, маңызды фактілер мен қоғамның даму бағыттарын білу;
- ✓ туған елдің дәстүрлі мәдениетіне қатысты дүниетанымдық құндылықтар мен қағидаларды түсіну;
- ✓ дерек көздері және оларды пайдалану;
- ✓ Отан тарихының өзекті мәселелері бойынша курстық жұмыстар жазу, рефераттар мен хабарламалар, ғылыми баяндамалар дайындау;
- ✓ проблемалық тақырыптар бойынша талқылаулар өткізу.

«Қазақстан тарихы» жалпыгуманитарлық пәндер циклы бойынша міндетті пән болып табылады, бірінші курста 3 кредит көлемінде (135 сағат) оқытылады және мемлекеттік емтихан тапсырумен аяқталады.

КУРСТЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

№	Модуль, бөлім, тақырып атауы
Тақырып 1	КІРІСПЕ. Курстың мақсаты мен міндеттері
Тақырып 2	<u>I МОДУЛЬ</u> ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН 1.1 Ежелгі Қазақстан. Адамдардың алғашқы қауымдастығы. Тұрмыс-тіршілігі (б.з.б. 2,5 млн. -12 м.ж. – VI ғ. дейін).
Тақырып 3	Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер. Саяси билік және әлеуметтік қатынастар. Мәдениеті, жазуы. Аймақтағы ислам
Тақырып 4	1.2 Қазақ халқының этногенезі. Орта ғасырлардағы Қазақстан. (VI-XV ғғ.). VI-IX ғасырлардағы ерте ортағасырлық мемлекеттер. Түрік қағанаты: құрылуы мен күйреуі
Тақырып 5	IX- XV ғасырлардағы дамыған ортағасырлық мемлекеттер. Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы
Тақырып 6	<u>II МОДУЛЬ</u> ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫ 2.1 Қазақ хандығы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Әлеуметтік тарихы (XV ғ. ортасы –XVIII ғ. басына дейін). Көшпелі мемлекеттердің құлдырауы
Тақырып 7-8	2.2.Отарлық кезеңдегі Қазақстан (XVIII ғ. 30-40 жж. -XIX ғ. 60 ж.) Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңдері. Әскери бекіністердің салынуы XVIII ғ. басы мен 1847 жылға дейінгі Қазақ мемлекеті XVIII ғ. ортасы - XIX ғ. 60 жылдарындағы Қазақ қоғамы
Тақырып 9	Ресей империясы құрамындағы Қазақстан (XIX ғ. 60-70 жж.- XX ғ. басы). Өлкенің экономикасы мен мәдениеті. Қалалар құрылысы
Тақырып 10	2.3 XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Тұрғындардың көпұлтты құрамының қалыптасуы. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Көпұлтты Қазақстанның қалыптасуы
Тақырып 11	<u>III МОДУЛЬ</u> ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН 3.1 1917 жылғы Ресейдегі революциялар. Жаңа заманның басталуы. Кеңестік кезең (ақпан-қазан 1917 ж. – тамыз 1991 ж.). 1917 жылғы ақпан революциясы және Қазақстан. Алаш қозғалысы. Қазан төңкерісі және кеңестік биліктің орнауы. Әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы. Индустрияландыру және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру
Тақырып 12	Екінші дүние жүзілік және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан. Соғыстан кейінгі даму. Жүйені жұмсарту әрекеттері. Тың және тыңайған жерлерді игеру
Тақырып 13	Қайта құру жылдарындағы Қазақстан (1985-1991 жж.). Дағдарыстың күшеюі және әміршіл-әкімшіл жүйенің күйреуі. КСРО-ның ыдырауы
Тақырып 14	3.2 Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Ел тарихындағы қазіргі кезең (желтоқсан 1991 ж. – бүгінге дейін). Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау. Қазақстан

	тарихындағы «қазіргі кезең» ұғымы. Мемлекеттік құрылыс. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту.
Тақырып 15	Саяси жаңғырту. Сыртқы саясат. Қазақстан - халықаралық қатынастар жүйесінде. Білім беру жүйесі, спорт және мәдениет

ПӘН МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ. «Қазақстан тарихы» пәні және оның әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы орны мен рөлі. Курстың мақсаты мен міндеттері. Қазақстан тарихын оқытудың тұжырымдамалық ұстанымдары. Қазақстан тарихын зерттеудің деректік негіздері және ерекшелігі. Қазақстан тарихын дәуірлеу. Қазақстан тарихын оқытудың пәнаралық және өркениеттік факторлары. Мемлекет тарихы және оның даму кезеңдері. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы әлемдік тарихи үдеріс. XXI ғасырдың жаһандық сын-тегеуріндері. Жаһандану және Қазақстан.

I МОДУЛЬ

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

1.1 ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН. АДАМДАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ. ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ

(б.з.б. 2,5 млн-12 м.ж. – VI ғ. дейін)

Ежелгі Қазақстан. Қоршаған орта. Палеонтология. Ежелгі гоминидтер. Жаратылыс туралы теологиялық және материалистік дүниетаным. Жаңа философия.

Палеолит. Ерте палеолит. Кейінгі палеолит. Мезолит. Неолит. Энеолит.

Қола дәуірі. Алғашқы тайпалар. Антропологиялық сипаттамасы. Таралу аймақтары: Орталық Қазақстан, Солтүстік, Батыс, Шығыс, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу. Шаруашылығы, қоғамдық қатынастары. Андрон мәдениеті, Беғазы – Дандыбай мәдениеті.

Ерте темір дәуірі. Б.з.б. VII - IV ғғ. тайпалар және олардың қоныстануы. Алтай өңірі, Сыр өңірі, Сарыарқа, Батыс Қазақстан, Жетісу. Әлеуметтік құрылымы. Діни наным-сенімдер.

Алғашқы мемлекеттік бірлестіктер. Сақтар: қоныстануы, шаруашылығы, тұрмысы, қоғамдық құрылысы. Мәдениеті мен өнері. Арал-Каспий даласындағы тайпалар. Скифтер. Савромат-сармат мәдениеті, шаруашылығы.

Халықтардың «Ұлы қоныс аударуы». Ғұндар. Саяси тарихы, қоғамдық құрылысы. Ғұндардың Батысқа жорығы. Аттила және оның империясы. Ғұндар мемлекетінің күйреуі.

Үйсіндер. Антропологиялық сипаттамасы. Этникалық және саяси тарихы. Шаруашылығы, әлеуметтік-экономикалық қатынастары. Материалдық мәдениеті. Қоныстары.

Қаңлылар. Саяси тарихы. Шаруашылығы, қолөнері, сауда. Археологиялық ескерткіштер. Көшпелілер мәдениеті. Көшпенділердің әлемдік өркениеттегі үлесі туралы жаңа тұжырымдар.

1.2 ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗИ. ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН (VI -XV ғғ.)

VI-IX ғасырлардағы ерте ортағасырлық мемлекеттер. Түрік империясы. Шығыс Түрік қағанаты. Батыс Түрік қағанаты. Мемлекеттік басқару жүйесі. Түрік қағанатының құқығы. Түргеш қағанаты. Қарлұқтар. Оғыздар. Қимақ қағанаты. Түркі көшпенділерінің шаруашылығы. Арабтардың келуі.

Түркі халықтары және қазақ халқының қалыптасу негіздері.

Түркі өркениеті. Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара әсері. Түркі халықтарының Қытай, Парсы және арабтық Шығыс елдерімен өзара қарым-қатынасы. Түркі халықтарының әскери өнері. Қалалар. Қоныстар. Зираттар. Материалдық мәдениеті. Қолөнер. Сауда. Ауыл шаруашылығы. Архитектура және өнер. Наным-сенімдер және дін. Тіл, жазу және әдебиет. Күлтегін ескерткіші – түркі халықтарының мәдени мұрасы.

IX-XV ғасырлардағы дамыған ортағасырлық мемлекеттер. Қарахан мемлекеті. Қарақытай мемлекеті. Қидан. Наймандар. Күшлік хан. Қыпшақтар бірлестігі. Антропологиялық сипаттамасы. Сыртқы байланыстары. Шыңғысхан (Темучин) және Монғол империясы: жаулап алу жорықтары, әлеуметтік зардаптары. «Монғол», «татар», «моғол» этнонимдері: пайда болуы. Шыңғыс ханның жаулап алулары, оның әлеуметтік салдары. Алтын Орда халқының этникалық құрамы.

Дала мен қала халқының мәдениеті. Қалалар. Тұрғын үй. Қолөнер. Сауда. Ауыл шаруашылығы. Сәулет өнері және құрылыс. Сәндік-қолданбалы өнер. Дін және мәдениет. Ислам діні және араб салт-дәстүрінің таралуы. Шығыстың ғұлама ойшылдары: әл-Фараби, әл-Бируни, М.Қашқари, Ж.Баласағұни.

Ұлы Жібек жолы. Сауда және тауар айналымы. Мәдениеттер алмасуы. Ұлы Жібек жолының құлдырау себептері мен салдары.

Алтын Орда: құрылуы, кезеңдері, дамуы. Жошы ұлысы және Ұлы Дала. Алтын Орда. Алтын Орда хандарының жаулап алу жорықтары. Ұлыстардың құрылуы. Саяси құрылысы және мемлекеттік басқару жүйесі. Алтын Орданың географиялық шекарасы. Алтын Орда құрамындағы Орыс князьдіктері.

XIV-XV ғғ. мемлекеттер. Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан. «Ноғай», «Қазақ», «Өзбек» этнонимдері: шығу тарихы. Шығыс Дешті-Қыпшақ. Орыс хан билігі. Шағатай ұлысы. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу. Этникалық-мәдени дамуы. XIV ғасырдағы Әбілхайыр хандығы. Әмір Темір жорықтары және оның салдары. Алтын Орданың құлауы. Ноғай Ордасы, Қазан және Қырым хандықтары. Ноғайлар, өзбектер мен қазақтар. Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстан аумағы. Сібір хандығы. Көшім хан.

XIV-XV ғғ. Қазақстанның экономикасы. Мал шаруашылығы мен егіншілік. Әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Қалалар. Ауылдық қоныстар. Қолөнер. Керуен жолдары. Сауда және тауар айналымы.

Рухани мәдениет. Діни нанымдар. XIV-XV ғасырлардағы Орталық Азия мұсылмандарының өмірі. Архитектура мен өнер. Көшпенділер көші-қоны, тұрмысы, салт-дәстүрі.

Қазақ халқының қалыптасуы. Антропологиялық зерттеулер. Қазақ халқының құрамы, шығу тегі. Халықтың аумақтық орналасуы мен рулық-тайпалық құрамындағы өзгерістер. Этникалық үдерістер және түркі-моңғол этногенезі. Жоңғарлар мен қалмақтар: этноним тарихы. Этносаяси бірлестіктердің қалыптасуы. Қазақ халқы қалыптасуының соңғы кезеңі. Қазақтың этникалық аумағы. Қазақ жүздері. Саяси және әкімшілік бөлінуі.

II МОДУЛЬ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙЫ

2.1 ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ: ҚҰРЫЛУЫ, ӨРЛЕУІ ЖӘНЕ ҚҰЛДЫРАУЫ. ӘЛЕУМЕТТІК ТАРИХЫ (XV ғ. ортасы – XVIII ғ. басына дейін)

XV ғасырдағы Қазақ хандығы. Орыс хан ұрпақтары. Керей мен Жәнібек. Мемлекеттілік үшін күрес. Шейбанидтер. Қазақ хандығының құрылуы. Хандық билік және ханның құқығы. Қазақ хандығын басқару жүйесі. Қазақ хандығының нығаюы. Жоңғарлармен соғыс.

XVI-XVIII ғғ. Қазақ мемлекеті. Хандықтың өрлеуі, жер аумағының ұлғаюы. XVI ғасырдың басындағы Қазақ мемлекеті. «Қасым ханның қасқа жолы». Мауеранахр. Қазақ билеушілерінің Орта Азия елдерімен, Осман империясымен және Иранмен қарым-қатынасы. XVI ғасырдың екінші жартысындағы қазақ билеушілері. Ішкі саяси оқиғалар. XVI ғасырдың 30-50 жылдарындағы қазақтар, моғолдар, қалмақтар. Астрахан хандығының құрылуы және құлдырау себептері.

Хакназар хан билігі. XVI ғасырдың екінші жартысындағы мемлекеттің нығаюы. XVI – XVII ғғ. Орта Азияның шейбанилері және аштарханилерімен қарым-қатынастары. Тәуекел хан. Ресеймен жақындасу жолдары. Қазақтардың әскери өнері. Ислам діні және оның халық өміріндегі рөлі.

XVII ғасырдағы Қазақ хандығы. Қазақ мемлекетінің аумақтық біртұтастығы үшін күрес. Саяси жағдай. Талас-тартыстар. «Есім ханның ескі жолы». Қазақ халқының әдет құқығы: негізгі қағидалары мен ерекшелігі.

Бұхар хандығымен қарым-қатынас. XVII ғасырдың 30-50 жылдарындағы Қазақ хандығы. Тәуке хан. «Жеті жарғы». Ресей және көрші елдермен қарым-қатынастар.

Қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысы. Кәсіпшілік пен қолөнер. Халықтың күнделікті өмірі. Әскери іс және қару-жарақ. Мал шаруашылығы – дәстүрлі шаруашылықтың негізгі саласы.

XVI-XVII ғғ. қалалар. Түркістан. Қалалар топографиясы мен типологиясы. Қалалардың әлеуметтік құрылымы мен демографиялық

жағдайы. Архитектура және құрылыс. Қолөнер. Сауда және ақша айналымы. Ирригация (жерді қолдан суландыру) және егіншілік.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастар. Әлеуметтік топтар мен категориялар. Оңтүстік Қазақстан қалалары. Меншік нысандары. XV- XVII ғғ. қала халқының әлеуметтік құрамы. Көшпенді шаруашылық түрі және оның қарқынды сипаты.

Қазақ халқының рухани мәдениеті. Қазақ тілінің қалыптасуы. Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет жыраулар, Жиренше шешен.

Наурыз мейрамын мерекелеу. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері. Діни нанымдар. Киіз үй – дәстүрлі баспана. Архитектура және қолданбалы өнер.

2.2 ОТАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

(XVIII ғ. 30-40 жж.-XIX ғ. 60 ж.)

Ресейге қосылу қарсаңындағы Қазақстан. Ресей мен Еуропаның өндірістік дамуы. XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы ішкі саяси жағдай. Өлкенің өндірістік дамуы. Қазақ – жоңғар қатынастары. Қазақ-Қытай қатынастары. Қазақ – Ресей қатынастары. Қазақ – башқұрт қатынастары.

XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі. «Ақтабан шұбырынды». «Алқакөл сұлама». Қазақ батырлары. Қазақ жыраулары. Билер институты.

Қазақстанның Ресейге қосылуының алғашқы кезеңі (XVIII ғасырдың 30-40 жж.). Әскери-отаршылдық әрекеттер. Ертіс өңіріндегі әскери бекіністер. Кіші жүз және Орта жүз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауы. Әбілхайыр ханның қызметі. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы қазақ-ойрат қатынастары және Ресейдің Шығыстық саясаты.

XVIII-XIX ғғ. қазақ қоғамы. Шаруашылығы. Сыртқы сауда. Әлеуметтік жіктелу. Шаруашылықтың құлдырауы.

I Петр және Ресей империясының құрылуы. Ресей билігінің күшеюі (XVIII ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі). Кіші жүздегі саяси жағдай. Орта жүз бен Ұлы жүздегі саяси үдерістер (XVIII ғасырдың 50-60 жж.). Абылай хан тұсындағы қазақ мемлекеттілігі (1771-1781 жж.). Абылай хан – дипломат, саясаткер. Ішкі – сыртқы саясат: оңтүстік және шығыстық бағыты. Жоңғар мемлекетінің құлауы.

Әскери-әкімшілік мекемелердің Орталық және Шығыс Қазақстан аймақтарында жүргізген саясаты (XVIII ғ. 50-70 жж.). «Шанды жорық». Қалмақтардың қаралы көші.

Дала элитасының елдің тұтастығы үшін күресі.

Нұралы хан билігі (1749-1786 жж.). Қазақтардың Емельян Пугачев бастаған орыс шаруалар соғысына қатысуы. Барон фон Игельстром: Кіші жүз қазақтарын басқару реформасы (1786 ж). Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс. Бөкей Ордасы.

XVIII ғасырдың 80 - жылдары – 1821 жылдар аралығындағы Орта жүз.

Абылай хан ұрпақтарының билігі. Саяси жағдай.

XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Оңтүстік Қазақстан. Қазақтардың Қоқан және Хиуа хандықтарымен қарым-қатынасы. Оңтүстік қазақтарының ортаазиялық хандықтарға қарсы азаттық күресі. Ресей империясының Оңтүстік Қазақстан аймақтарына кіруі: әскери жорықтары мен бекіністердің салынуы.

Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі (XIX ғасырдың екінші ширегі). 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы». Орта жүзде хандық биліктің жойылуы. 1824 жылғы «Орынбор қазақтары туралы жарғы». Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы. Әскери отарлаудың күшеюі. Қазақ жеріне казак әскерлерін (казачество) орналастыру. Жаңа әкімшілік-аумақтық жүйенің енгізілуі. Ресейлік жергілікті атқарушы мекемелердің құрылуы. Дәстүрлі басқару түрлерінің күйреуі.

Ұлт-азаттық қозғалыстар. Орта жүз қазақтарының Ресей отаршылдығына қарсы күресі. Саржан Қасымұлы бастаған көтеріліс (1825-1836 жж.). Жәңгір хан және оның реформалары (1824-1845). Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс. Кенесары хан бастаған көтеріліс (1837-1847 жж.), жеңілу себептері. Қазақ хандығының күйреуі (1847 ж.)

Қазақстанның Ресейге қосылуы үдерісінің аяқталу кезеңі (XIX ғасырдың 50-60 жж.). Ресейдің сыртқы саяси стратегиясы. Ұлы жүздің Ресейге қосылуы. Жетісу мен Сырдария бойындағы әскери бекіністер. Сыздық Кенесарыұлы және оның Ресей әскери экспансиясына қарсы күресте Орта Азия хандықтарымен күш біріктірудегі рөлі. Арал өңіріндегі қазақтардың Ресей отаршылдығы мен Хиуа хандығы басқыншылығына қарсы ұлт-азаттық күресі.

Қазақстан мәдениеті (XVIII-XIX ғғ.). Материалдық мәдениет. Тұрмыс-салт дәстүрлері. Қазақ әдебиеті. Музыка өнері. Медресе. Діни білім беру. Қазақ халқының күнделікті өмірі.

Қазақстан Ресей империясының құрамында (XIX ғ. 60-90 жж.). 1867-1868 жылдардағы реформаны әзірлеу және оның әскери-саяси себептері. Ресей империясының аграрлық ұстанымы. Патша үкіметінің қоныстандыру саясаты. Қазақ жеріне орыс және украин шаруаларының қоныстануы. XIX ғасырдың 80-90 жылдарындағы әкімшілік-саяси реформалар. Империядағы сот құрылысы және жергілікті билер соты.

Отарлық кезеңдегі Қазақстан экономикасы: салалары, ерекшелігі. Империяның шығыс шекарасының анықталуы.

Халық наразылығы. Орал және Торғай облыстарындағы көтеріліс (1868-1869 жж.). Маңғыстау қазақтарының көтерілісі (1870 ж.).

Әлеуметтік және демографиялық өзгерістер. Халықтың көпэтникалық құрамы. Шаруалардың қоныстануы. Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы. Еділ бойы халықтары: татарлар мен башқұрттар және мордвалар. Жаңа кәсіп түрлерінің пайда болуы. Сауда. Жәрменке. Өнеркәсіп. Урбандалу үдерістері. Қалалардың өсуі. Ресей империясының аймақтағы банк-ақша жүйесі.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениеті. Халық ағарту ісі. Дулат Бабатайұлы (1802–1874), Шортанбай Қанайұлы (1818-1881), Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906), Шоқан Уәлиханов (1835-1865). Ыбырай Алтынсарин (1841-1889). Абай Құнанбаев (1845-1904). Григорий Потанин (1835-1920) – ғалым, қазақ жанашыры. Вильгельм Фридрих Радлов (1837-1918) – шығыстанушы-түркітанушы. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Саз өнері. Қазақ композиторлары. Өлкетану және ғылыми зерттеу ұйымдары. Баспасөз. Еуропалық және ресейлік саяхатшылардың Қазақстан туралы жазбалары. Жергілікті орыс-түземдік мектептер және мектеп құрылысы.

2.3 XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН. ТҮРҒЫНДАРДЫҢ КӨПҮЛТТЫ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай. Өлке халқының күнделікті өмірі, кәсібі. Өнеркәсіптің дамуы. Мәскеу-Ташкент темір жолының құрылысы. Байланыс жолдары және сауда. Жұмысшылардың өндірістік орталықтарының қалыптасуы. Өлкедегі жер мәселесінің шиеленісуі. Столыпіннің аграрлық реформасы және оның зардаптары.

XX ғасырдың басындағы саяси өмірдің жандануы. 1904-1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы. 1905-1907 жылдардағы Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революция. Өлкедегі саяси үйірмелердің пайда болуы. Социал-демократтар, кадеттер және т.б. саяси ағымдар. 1905 жылғы Қарқаралы петициясы. «Қазақ контитуциялық демократиялық партиясын» құру әрекеті. «Автономияшыл-федерацияшылдар одағы» мен «Ресей мұсылмандары Одағы» ұйымдарына қазақ өкілдерінің қатысуы. 1912-1913 жылдардағы Балқан соғыстары. Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-1918 жж.) тұсындағы Қазақстан. Халық тұрмысының нашарлауы. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Бекболат Әшкеев. Әбдіғаппар Жанбосынов. Көтеріліс жетекшілерін хан сайлау. Амангелді Иманов.

Қазақстандағы жазалау жорықтары. Қазақтардың шығыс елдеріне қоныс аударуы. Қазақстанға соғыс тұтқындарының (Австрия-Венгрия, Германия) келуі.

XX ғасырдың басындағы Қазақстан мәдениеті. Оқу-ағарту ісі. Ғылыми мекемелер мен қоғамдардың қызметі. Ұлттық мерзімді басылымдар. «Айқап». «Қазақ». XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Б.Қаратаев, Х.Досмұхаммедов, Ж.Досмұхаммедов, С. Асфендияров және т.б. Саяси жер аударылғандардың қазақ өмірімен араласуы.

III МОДУЛЬ. ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

3.1 1917 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙДЕГІ РЕВОЛЮЦИЯЛАР. ЖАҢА ЗАМАННЫҢ БАСТАЛУЫ. КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ (ақпан-қазан 1917 ж. – тамыз 1991 ж.)

1917 жылғы ақпан революциясы тұсындағы Қазақстан. Қазақстан тарихындағы «жаңа заман» ұғымы. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан революциясы және оның ерекшелігі. Монархиялық биліктің күйреуі. Алаш қозғалысы. Уақытша үкімет пен Кеңестің жергілікті басқару мекемелері. Уақытша үкіметтің соғысқа көзқарасы. Қазақ комитеттері. Қазақ съездері. Бірінші жалпы қазақ съезі және оның шешімдері (21-26 шілде, 1917 ж.). 1917 жылдың жаз-күз айларындағы саяси дағдарыс. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына даярлық жұмыстары. Қазақстандағы большевиктердің қызметі. «Алаш» партиясы және оның бағдарламасы. «Үш жүз» партиясының құрылуы. «Шуро-и-Ислам», «Шуро-и-Улема», «Тұран» Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі, Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының кеңесі, Түркістан федералистері партиясы және т.б. қоғамдық-саяси ұйымдар.

Қазақстанда кеңестік биліктің орнауы. 1917 жылғы қазан төңкерісі. Большевиктердің билікке келуі. В.И. Ленин және Кеңес үкіметінің құрылуы. Ішкі және сыртқы саясаты. Кеңестік биліктің жергілікті басқару мекемелері. Қазақ большевиктері, өлкедегі эсерлер және меньшевиктер. Түркістан мұсылмандарының 4 –ші жалпы съезі (27 қараша, 1917 ж.). Түркістан автономиясының құрылуы. М. Тынышбаев. М.Шоқай. Екінші жалпы қазақ съезі және оның шешімдері (5-13 желтоқсан, 1917 ж.). Алашорда үкіметінің құрылуы. Алашорда және Кеңестер. Алаш әскері.

Шаруашылық және мәдени құрылыстағы алғашқы қадамдар. Өлке экономикасының даму ерекшелігі.

Қазақстан азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жж.). «Әскери коммунизм» саясаты. Ә.Жангелдиннің экспедициясы. Колчак әскерін талқандау.

РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының Қазақ бөлімі (11 мамыр, 1918 ж.). Мұхамедияр Тұнғаншин. Қырғыз (қазақ) революциялық комитетінің құрылуы (Кирревком - 10 шілде, 1919 ж.). Алашордашыларға амнистия жариялау (4 қараша 1919 ж.). Түркістан АКСР-нің құрылуы (1918-1924 жж.). Т.Рысқұлов, С.Қожанов. О.Жандосов, Н.Төреқұлов және т.б. қызметі.

Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының (ҚазАКСР) құрылуы (26 тамыз, 1920 ж.). КСРО-ның құрылуы (1922 ж.). Большевиктер билігінің нығаюы. Кеңестік ұлттық-мемлекеттік құрылыс үлгісінің іске асырылуы. Ұлттық-территориялық межелеу және оның нәтижелері (1924 ж.). Қазақстан құрамында Қарақалпақ автономиялық облысының құрылуы. Қазақстанның әкімшілік-аумақтық құрылымы.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы. КСРО Конституциясы (1924 ж.). Большевиктер саясатының амбиваленттік (ішкі қайшылық) сипаты.

Қазақстандағы астаналар тарихы (Орынбор, Қызылорда, Алматы).

Қазақ даласындағы ашаршылық (1917-1918 жж.; 1921-1922 жж.). Себептері мен салдары. «Қазақтардың Ленинге хаты» (20 тамыз, 1920 ж.).

Дәстүрлі қазақ қоғамының бұзылуы. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық саясаты және оның бағыттары. Жаңа экономикалық саясат. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы.

Тоталитарлық тәртіптің орнауы. В.И. Лениннің өлімі (1924 ж.). И.В. Сталиннің билікке келуі. Әміршіл-әкімшіл басқару әдістерінің күшеюі.

Большевиктік аграрлық революция. Ф.Голощекиннің «Кіші қазан» саясаты. Астық дайындау науқаны. Күштеп ұжымдастыру. Шаруаларды қудалау. Бай қожалықтарын жою. Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығын күйрету.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық: демографиялық салдары. Аштықпен күрес: қазақ зиялыларының рөлі, жергіліктің халық наразылығы.

Таптар күресінің шиеленісуі. Шаруалар көтерілістері (1929-1931 жж.). Шетел асу: Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Ресей.

Индустрияландыру саясаты: қайшылықтары мен зардаптары. Өнеркәсіп және оның шикізаттық бағыт-бағдары. Теміржол құрылысы. Түркісіб. М.Тынышбаев, Т.Рысқұловтың қызметі. Индустриялық кадрларды қалыптастыру. Аймақтағы жұмысшылардың саны мен құрамы.

Қоғамдық-саяси өмір. Партия құрылысы. Кеңестер қызметі, комсомол ұйымдары. Кәсіподақтар. Қазақ АКСР-нің Қазақ КСР-і болып өзгеруі (1936 ж.). Қазақ КСР-інің құрылуы, тарихи маңызы. КСРО Конституциясы (1936 ж.). Қазақ КСР Конституциясының қабылдануы (1937 ж.). Корейлерді депортациялау (1937-1938 жж.).

Қазақстан мәдениеті, білім беру жүйесі және ғылым. Сауатсыздықты жою. Жазу реформалары: араб әліпбиінен латын әліпбиіне көшу; кириллицаны енгізу. Кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуы. Орта және жоғары мектептерді қалыптастырудағы ұлттық интеллигенцияның рөлі. С.Сейфуллин, Т.Жүргенов, С.Сәдуақасов және т.б. қызметі. Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орындары. Қазақстан ғылымының дамуы. КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасының қалыптасуы (1932 ж.) және КСРО Ғылым Академиясы бөлімшесінің ашылуы (1938 ж.).

Қазақ әдебиеті. Қазақстан баспасөзі. Өнер. Көрнекті мәдениет қайраткерлері. Қоғамдық-саяси өмір. Партия құрылысы. Кеңестер қызметі, комсомол ұйымдары. Кәсіподақтар. Қазақ АКСР-нің Қазақ КСР-і болып өзгеруі (1936 ж.). Қазақ КСР-інің құрылуы, тарихи маңызы.

Тоталитарлық жүйенің күшеюі. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және оның кезеңдері. Қазақ зиялыларын айыптау. «Алаш» ісі. Сот процестері. Қазақстандағы «Үлкен террор». Қазақстандағы Лагерлер Бас Басқармасы (ГУЛАГ). КарЛАГ, АЛЖИР: қасіретті тағдырлар. Тапсыз «коммунистік қоғам» құрылысы туралы аңыз. Бұқаралық ақпарат

құралдарының жаңа түрлерінің (теледидар, радио хабарлары) дамуы.

